

УДК 616.12-008.331.1

А.С. Керімқұлова, А.М. Марқабаетова, А.Е. Нуржанова, Н.А. Жұмырбаева,  
М.К. Адиева, Б.Қ. Құрманғажина, Н.С. Слямханова

Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті

## АРТЕРИАЛДЫ ГИПЕРТОНИЯНЫҢ ЕМХАНА ЖАҒДАЙЫНДА АНЫҚТАЛУ ЖИІЛІГІ

### Тұжырым

Артериалды гипертония адамдардың өмір сапасын төмендетеді, милық инсульт пен миокард инфарктінен өлімділікті жоғарылатады, уақытында артериалды гипертонияны анықтау оның асқынуларының алдын-алады. Қазіргі уақытта артериалды гипертонияның қауіп факторларын ерте анықтау бірінші кезектегі мәселе.

**Негізгі сөздер:** артериалды гипертония, ерте анықтау, алдын-алу.

Таралуы, асқынулардың ауырлығы, материалды және моралды зиян жағынан қарағанда қазіргі заманда медициналық-әлеуметтік мәселелердің ішінде артериалды гипертония негізгі болып саналады. Біздің елемізде бұл мәселе көптеген дамыған мемлекеттерге қарағанда бірнеше рет маңызды. Бұл мәселені шешуді кейінге қалдыру бірінші кезекте осы аурудың асқынуларынан: миокард инфаркті, милық инсульт, жүрек және бүйрек жетіспеушілігінен өлімділіктің қауіпін жоғарылатады. Ең маңыздысы артериалды гипертониясы бар науқастардың өмір сапасы төмендейді, олардың күнделікті еңбекпен айналысуына кедергі келтіреді. АҚШ-та жоғары қан қысымынан милық инсульт пен миокард инфарктінен өлімділік бойынша Ұлттық білім беру бағдарламасының 22 жылдық жұмысы нәтижесінде артериалды гипертониямен науқастар саны 17 пайызға төмендеді [7]. Емдеу және алдын алу шараларын дұрыс ұйымдастыру, арнайы кардиологиялық көмекті уақтылы көрсету, жоғары қауіп топтарын ерте анықтау, жалпы аурушандылық көрсеткіштерін, өлімділікті, жоғары қан қысымымен сипатталатын ауруларды және жүрек ауруларынан болатын мүгедектікті төмендету маңызды медициналық және әлеуметтік мәселелерді шешеді. Қазіргі уақытта қауіп факторлары мен жүрек-тамыр ауруларынан болатын өлімділікті төмендетуге мүмкіндік беретін көптеген зерттеу бағдарламалары

бар[1–3], жүрек-тамыр ауруларының алдын алудың ғылыми концепциясы жасалған[4–6]. Сонымен қатар амбулаторлы-емханалық мекемелерде емдеу алдын-алу көмегін ұйымдастыруда әлі де шешілмеген сұрақтар бар, оның ішінде артериалды қан қысымы жоғары науқастарға қатысты мәселелер маңызды. Қазіргі уақытта артериалды гипертонияны және қауіп факторларын ерте анықтау мәселесі бірінші кезекте тұр.

### Зерттеудің мақсаты

Зерттеу мақсаты — емхана жағдайында жоғары қан қысымының анықталу жиілігі.

### Материалдар мен тәсілдер

Зерттеуге аралас үлгідегі емханаға қаралуға келген 204 адам алынды. Барлық науқастың қан қысымы өлшенді. Олардың ұлты, жасы, гипертониялық аурумен ауыратыны немесе ауырмайтындығы, гипертониялық аурумен ауыратын науқастар ішінде дәріні тұрақты қабылдайтыны немесе қабылдамайтыны анықталды.

### Нәтижелер

Барлық қан қысымы өлшенген 204 адамның 69-ы (33,49%) ер адам және 134-і (65,04%) әйел адам. Ұлты бойынша қарағанда қазақтар 123 (59,71%), орыстар 72 (34,95%), басқа ұлт өкілдері 8 (3,88%) құрады.

Артериалды гипертониямен ауыратындар саны – 91 (44,17%), ауырмайтындар – 111 (53,88%) құрады.




Рисунок 1.




Рисунок 2.

Барлық тексерушілер арасында артериалды гипертониямен ауыратындар арасында систолалық қан қысымы  $145,05 \pm 23,14$ , диастолалық қан қысымы  $89,72 \pm 16,63$ ; артериалды гипертониямен ауырмайтындар арасында систолалық қан қысымы  $122,88 \pm 16$ , диастолалық қан қысымы  $78,73 \pm 12,8$  болды.

Ұлт бойынша алғанда орыстар арасында систолалық қан қысымы  $136,31 \pm 22,5$ , диастолалық қан қысымы  $84,79 \pm 15,2$ ; қазақтар арасында систолалық қан қысымы  $130,36 \pm 21,8$ , диастолалық қан қысымы  $82,3 \pm 15,1$  құрады.



Рисунок 2.

Алынған мәліметтер негізінде артериалды гипертониямен ауыратын 91 науқастың ішінде тек 60 науқас күнделікті дәрі қабылдайды. Осы нәтижелер гипертониямен ауыратын науқастар арасында осы аурудың асқынулары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек. Бұл мәселе жөнінде артериалды гипертония мектептерінің көмегі үлкен болады.

Статистикалық өңдеу АҚШ Stat Soft Inc. фирмасының STATISTICA қолданбалы бағдарламасымен жүргізілді.

**Қорытынды**

Алынған мәліметтер гипертониямен ауыратын науқастардың ішінде қаншасы өзінің ауыратыны туралы білетінін, қанша гипертониямен ауырған адамдар арасында тұрақты дәрі қабылдайтынын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар аурудың алдын-алуға көп көңіл бөлінуі тиіс.

**Әдебиеттер:**

1. Диагностика и коррекция нарушений липидного обмена с целью профилактики и лечения атеросклероза. Краткие Российские рекомендации. Разработаны группой экспертов секции атеросклероза ВНОК. - М., 2005. - 20с.

2. Оганов Р.Г. Факторы риска и профилактика сердечно-сосудистых заболеваний // Качество жизни. - Медицина. - 2003. - № 2. - С. 10-15.

3. Профилактика, диагностика и лечение артериальной гипертензии Российские рекомендации, разработанные Комитетом экспертов Всероссийского научного общества кардиологов (второй пересмотр). - М., 2004. - 19 с.

4. Национальные рекомендации по профилактике, диагностике и лечению артериальной гипертензии // Артериальная гипертензия. - 2000. - Т. 6, № 2. - С. 83-96.

5. Оганов Р.Г., Шальнова С.А., Деев А.Д. и др. Артериальная гипертензия и её вклад в смертность от сердечно-сосудистых заболеваний // Профилактика заболеваний и укрепление здоровья. — 2001. — Т. 4, № 4. — С. 11-16.

6. Паскарь Н.А. Оптимизация диспансерного наблюдения больных артериальной гипертензией с использованием информационных технологий // Медлайн Экспресс. — 2006. — Т. 189, № 7. — С. 13-17.

7. Frohlich E.D. The JNC-V: a review of its recommendations. International Symposium "Hypertension in the Community", 5-th: Abstracts. Tel Aviv 1994; 1.

**Резюме**

**ВЫЯВЛЕНИЕ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТОНИИ В АМБУЛАТОРНЫХ УСЛОВИЯХ**

**А.С. Керимқұлова, А.М. Маркабаева, А.Е. Нуржанова, Н.А. Жұмырбаева, М.К. Адиева, Б.К. Құрманғажина, Н.С. Слямханова**

**Государственный медицинский университет города Семей**

Артериальная гипертензия влияет на качество жизни пациентов и повышает смертность от инсульта и инфаркта, поэтому раннее выявление гипертензии предотвращает появление таких осложнений. Очень важным является раннее выявление факторов риска возникновения артериальной гипертензии.

**Ключевые слова:** артериальная гипертензия, ранняя диагностика, профилактика.

**Summary**

**DETECTION OF HYPERTENSION IN OUTPATIENT SETTINGS**

**A.S. Kerimkulova, A.M. Markabayeva, A.E. Nurzhanova, N.F. Zhumurbaeva, M.K. Adiyeva, B.K. Kurmangazhina, N.S. Slyamhanova**

**State Medical University of Semey**

Hypertension affects the quality of life of patients and increases mortality from stroke and heart attack, so early detection of hypertension prevents its complications. Currently, early detection of risk factors is very important.

**Key words:** arterial hypertension, early diagnosis, prophylaxis.